

**"С.М.Киров атындағы Петропавл зауыты" өндірістік бірлестігі" ашық акционерлік қоғамының берешегін қайта құрылымдау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 26 сәуір N 561

Отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының  
Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Медетші қоры" жабық акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп Экономиканы қайта құру қорының қаражаты есебінен алынған кредит бойынша және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қаржы министрлігінің кепілдігімен берешектің өтелуі 2002 жылы басталатын болып, 2008 жылды қоса алғандағы мерзімге берілген орталықтандырылған ( директивтік) кредит бойынша "С.М.Киров атындағы Петропавл зауыты" өндірістік бірлестігі" ашық акционерлік қоғамының берешегін қайта құрылымдауды жүргізісін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 ~P020832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейтін сыйақы ставкасын ескере отырып, тиісті келісімдер жасассын. < \* >

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.10.22. N 1143 қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі